ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
1999 ж. «20» 12 өткізілді
№ 2979-1910-06-АО куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
«20» 12 1999 г.
свидетельство № 2979-1910-06-АО
БСН/БИН 991240000414

ҚАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 734 БҰЙРЫҚ
2020 ж. «19» 06
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 734
«19» 06 2020 г.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы Акционерінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №247 шешімімен бекітілді

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) Жарғысы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі – АҚ туралы Заң), «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді, оның атауын, орналасқан жері, құқықтық мәртебесі, оның органдарын құру тәртібі мен құзыреттерін, қайта құру және оның қызметін тоқтату шарттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қордың толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Казахстанский фонд гарантирования депозитов»;

3) ағылшын тілінде: «Kazakhstan Deposit Insurance Fund» Joint Stock Company.

3. Қордың қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «ҚДКБҚ» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «КФГД»;

3) ағылшын тілінде: «KDIF» JSC.

4. Қор атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, A25D6H8, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 136-үй, «Pioneer-3» бизнес-орталығы.

2. Қордың құқықтық мәртебесі

5. Қор акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады және оны мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап құрылған болып есептеледі. Қор Заңға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым болып табылады. Қор кәсіпкерлік қызметті атқармайды.

6. Қордың құрылтайшысы әрі Жалғыз акционері (бұдан әрі – Акционер) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ұлттық Банкі) болып табылады. Қор өз Акционерінің мүлкінен оқшауланған меншік құқығында мүлікке ие. Акционер Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қор қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді. Қор өз мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді.

7. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банк шоттары, мемлекеттік тілде өзінің фирмалық атауы

СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

көрсетілген мөрі бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемдене алады, міндеттемелер алады, сотта талапкер мен жауапкер бола алады. Қор өзінің атауы бар бланктері және өзінің қызметін атқару үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

8. Өз қызметінде Қор Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, АҚ туралы Заңын, Заңды және Қазақстан Республикасының және Ұлттық Банктің өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады. Қор қызметінің мерзімі шектелмеген.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көрсетілген тәртіпте Қор тұрған жерінен тыс орналасқан заңды тұлға болып табылмайтын, Қор атынан және оның тапсырмалары бойынша ережелер негізінде қызмет атқаратын өкілдіктер (филиалдар), сондай-ақ өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы.

10. Өкілдікті (филиалды) ашу, жабу тәртібі, оның құзыреттері мен құқықтық мәртебесі (мақсаттар мен функциялар) өкілдік (филиал) туралы ережесімен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады. Өкілдік (филиал) қызметін басқаруды Қор Төрағасымен осы лауазымға (лауазымнан босатылатын) тағайындалатын тұлға атқарады. Қор өкілдігінің (филиалының) басшысы өкілдік (филиал) туралы ереже және оған берілген құзыреттер шегінде сенімхат негізінде әрекет етеді, Қор Төрағасына есеп береді.

11. Қор өкілдігі (филиалы) бекітілген үлгідегі өз бланкілері болады.

3. Мәні, мақсаты, Қордың негізгі міндеттері және функциялары (қызмет түрлері)

12. Қор қызметінің мәні мен мақсаты Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, соның ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банк (бұдан әрі – қатысушы банк) барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу арқылы банк жүйесіне деген сенімді қолдау болып табылады.

13. Қордың негізгі міндеттері:

1) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу;

2) қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда кепілдік берілген депозиттер депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

14. Қор мынадай функцияларды (қызмет түрлерін) орындайды:

1) Заңның талаптарына сәйкес кепілдік берілген өтемді төлейді;

2) қатысушы банктердің тізілімін жүргізеді;

3) Заңның 16-бабында көзделген жағдайда банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізуге қатысады;

4) активтерді инвестициялайды;

5) арнайы резерв қалыптастырады;

6) Қордың Директорлар кеңесі айқындаған тәртіппен конкурстық негізде агент банкті таңдайды;

7) қатысушы банкті консервациялау кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысады;

8) қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысады;

9) тарату комиссиясы Қор алдында ол төлеген (төлейтін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша берешекті өтеген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясының құрамына қатысады;

10) тарату комиссиясы Қор алдында ол төлеген (төлейтін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша берешекті өтеген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің кредиторлар комитетінің құрамына қатысады.

4. Қор акциялары

15. Қор тек қана жай акцияларды ғана шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Қор облигациялар және бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға құқығы жоқ.

16. Жай акция Акционердің қарауына енгізілетін барлық мәселелерді шешу құқығымен, сондай-ақ Қор таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

17. Қор акциялардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін өз акцияларын орналастыруға құқылы.Қор өз акциялары бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді.

18. Қор акцияларын ұстаушылары реестрлер жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – орталық депозитарийі) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қор мүлкі. Қордың резервтік капиталы

19. Қор мүлкі төмендегідей көрсетілген есебінен қалыптасады (құралады):

1) Қор акцияларының төлеуге Акционермен берілген мүліктен;

2) оның қызметінің нәтижесінен алынған кірістерден;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге мүлік есебінен.

20. Қор мүлкі негізгі құралдар, ақшалар, Қордың өзіндік балансында құны айқындалатын тауар-материалдық құндылықтар құрайды.

21. Қор жарғылық капиталы Акционермен акциялардың номиналды бағасы бойынша акцияларды төлеу арқылы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қалыптасады. Қор жарғылық капиталының ұлғайтылуы Қордың жарияланған акцияларды орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

22. Қордың резервтік капиталы оның жарғылық капиталының бір пайыздан кем емес мөлшерде, таза кіріс есебінен толықтырылады және Акционердің шешімімен бекітілген тәртіпте Қор қызметімен байланысты шығындарды өтеу үшін ғана арналған.

Резервтік капитал Қор мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап екі жыл ішінде қалыптасуы тиіс. Қордың резервтік капиталы Акционермен бекітілген мөлшерде Қордың таза кірісінен жыл сайынғы аударымдар арқылы толықтырылады.

23. Қор Акционер шешіміне сәйкес алынған таза кірісті резервтік капитал мен Қор арнайы резерві арасында үлестіреді.

24. Заңда көзделген қатысушы банк депозиторларының мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін Қор:

1) Қордың жарғылық капиталы мөлшерінің жетпіс пайызы шегінде оның шығыстары;

2) қатысушы банктердің жарналары;

3) Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қатысушы банктерге қолданылған тұрақсыздық төлемі;

4) мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің төленген (төленетін) кепілдік берілген өтем сомалары бойынша Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша;

5) Қордың арнайы резервінің активтерін орналастырудан түскен кіріс;

6) Қордың жарғысында көзделген тәртіппен оның шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған меншікті активтерін орналастырудан түскен кіріс;

7) уәкілетті органның қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айыру туралы шешімінің күші жойылған жағдайда одан алынған, Қор төлеген кепілдік берілген өтем сомасы мөлшеріндегі ақша шегінде және есебінен арнайы резерв қалыптастырады.

25. Қор активтерін инвестициялау Ұлттық Банкі айқындаған тәртіпте жүзеге асырылады.

26. Қордың арнайы резерві кепілдік берілген өтемді төлеу және банк мүлкінің мөлшері мен басқа банкке (банктерге) берілетін кепілдік берілетін депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері арасындағы айырманы толтыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

27. Қор арнайы резервтегі активтердің және меншікті активтердің бөлек бухгалтерлік есебін жүргізуге міндетті.

6. Қор органдары

28. Қордың органдары болып табылады:

1) жоғарғы органы – Акционер;

2) басқару органы – Қордың Директорлар кеңесі;

3) атқарушы органы – атқарушы орган қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға, - Қордың Төрағасы;

4) Қордың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі (ішкі аудитор);

5) консультативтік-кеңесші органы – Консультативтік кеңес.

7. Акционер

29. Акционер құқылы:

1) АҚ туралы Заңда және (немесе) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қорды басқаруға қатысуға;

2) Қордың қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционермен және (немесе) осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қордың қаржылық есептілігімен танысуға;

3) Қордың орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

4) Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін және Қор Төрағасын тағайындауға;

5) Қордың органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

6) АҚ туралы Заңымен көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қордың лауазымды адамдарының Қорға келтірілген залалдарды Қорға өтеуі және Қордың лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қорға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

7) Қорға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қорға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде немесе сұрауда көрсетілген мерзімде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қор таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіппен бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алуға;

10) АҚ туралы Заңмен қарастырылған тәртіпте Қор акциялары санын өзгерту туралы шешім қабылдауға;

11) Қор Директорлар кеңесінің және (немесе) Қор Төрағасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты АҚ туралы Заңмен қарастырылған тәртіпте және негіздер бойынша алуға;

12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

13) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қор аудитін жүргізуін талап етуге.

30. Акционер міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) Акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға Қордың акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;

3) Қор немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) АҚ туралы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

Акционердің осы Жарғының 30-тармағының бірінші бөлігіндегі 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қор, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы жауапты болмайды.

31. Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы Жарғысымен Акционердің құзыреттеріне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) оған ұсынылған құзыреттерге сәйкес мұндай шешімдерді қабылдауға құқылы Акционер органының лауазымды тұлғасымен (тұлғаларымен) және (немесе) қызметкерімен (қызметкерлерімен) қабылданады.

32. Акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) АҚ туралы Заңмен бекітілген тәртіпте Қордың жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне-тәуелсіз директорларына олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) Қордың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

7) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

8) Қордың есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту;

9) Заңның 22-бабында қарастырылған кірістерді Қордың арнайы резервінің ұлғайтылуына жіберу туралы шешім қабылдау, мұндай шешіммен бекітілген тәртіп пен мерзімде;

10) Қорға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қордың өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

11) Қор акцияларды АҚ туралы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

12) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

13) нәтижесінде Қор активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның

активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қор сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қордың жасасуы туралы шешім қабылдауы;

14) Қордың Төрағасын тағайындау (сайлау), сондай-ақ оны өкілеттіктерінен мерзімінен бұрын тоқтату;

15) құны Қор активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясымен берілген мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қормен заттай қабылдауға келісім беру;

16) Қордың қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жүргізуді ұсыну;

17) Қордың резервтік капиталын пайдалану туралы шешім қабылдау;

18) Заңға сәйкес жарғылық капиталдың бөлігін кепілдік берілген өтемді төлеу үшін пайдалану туралы шешім қабылдау;

19) шешім қабылдау АҚ туралы Заңы және (немесе) осы Жарғысында Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Егер АҚ туралы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің, басқа органдарының құзыретіне беруге жол берілмейді.

8. Директорлар кеңесі

33. Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қордың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

34. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесіне Акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдардан және АҚ туралы Заңына сәйкес өзге тұлғалардан сайланады. Қор Төрағасы Директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің мүшесі АҚ туралы Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

35. Акционермен айқындалатын Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалардың қайта сайлануына шек қойылмайды.

36. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционер белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Акционердің жаңа Директорлар кеңесінің құрамын сайлау кезінде аяқталады. Акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Акционердің оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

37. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе.

38. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылу және Акционермен Директорлар кеңесіне жаңа мүшесі ретінде сайлану (тағайындалу) жағдайларында, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

39. Директорлар кеңесінің жұмысын Директорлар кеңесінің төрағасы ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда,

оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

40. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленеді.

41. Мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

1) Қор қызметінің басым бағыттарын және даму стратегиясын айқындау, Қордың даму жоспарын, жалпы кірістер және (немесе) шығыс сомасы, және (немесе) күрделі қаржы шығындары жоспарының ұлғаюы мен азаюымен байланысты оның жылдық және ағымдағы түзетулерді және орындау бойынша есептерді бекіту;

2) АҚ туралы Заңмен қарастырылған жағдайлардан басқа, жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қордың орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдау;

4) Қордың жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олар туралы ережелерді бекіту;

6) Қор Төрағасының лауазымдық айлықақысының мөлшерін, еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

7) ішкі аудит қызметінің (ішкі аудитор) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің (ішкі аудитор) жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі (ішкі аудитор) қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

8) корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы (сыйлықақы беру) шарттарын айқындау;

9) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қордың акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

10) Қордың ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қор қызметін ұйымдастыру мақсатында Қор Төрағасы қабылдайтын құжаттар қосылмайды) бекіту;

11) Қор өкілдіктерін (филиалын) және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Қордың өзге де жекелеген құрылымдық бөлімшелерді құру туралы шешім қабылдау;

12) Қордың басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімқабылдау;

13) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қорға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

14) Қордың міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте қатысушы банк мүлік мөлшері мен басқа қатысушы банкке (қатысушы банктерге) берілетін кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелер мөлшері арасындағы айырманы қажет болған жағдайда Қормен толтыру туралы шешім қабылдау;

16) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қор немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

17) ірі мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау, АҚ туралы Заңға сәйкес жасасу туралы Акционер шешім қабылдайтын ірі мәмілелерден басқа;

18) агент банк таңдауы бойынша конкурсты өткізу тәртібін және агент банкке ұсынылатын талаптарды айқындау;

19) Қордың құрылымы, штаттық санын бекіту;

20) Қор қызметкерлеріне еңбекақы, сыйақы төлеу тәртібін және еңбекақы диапазондарын бекіту;

21) Заңға сәйкес арнайы резервтің кепілдік берілген өтем төлеуге жеткіліксіз болған жағдайда, қарыз алу туралы шешім қабылдау;

22) тәуекелдерді басқару және ішкі аудит мәселелері бойынша Қор ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;

23) Қордың есептік саясатын бекіту, оған өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда;

24) жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ұсынылатын сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемелерін анықтау әдіснамасые бекіту, оған өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда;

25) Заңмен бекітілген тәртіпте жасалатын депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шарты ережелерін айқындау;

26) қатысушы банктің жарналар мөлшері мен төлеу тәртібін айқындау;

27) Қор активтерінің жалпы баланстық құнынан он және одан көп пайызды құрайтын сомаға Қор мүлігін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ Қор активтерінің жалпы баланстық құнынан он және одан көп пайызды құрайтын сомаға Қор мүлкін кепілден (қайта кепілден) алу туралы шешім қабылдау;

28) Қор активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу пойыздан кем бағаны құрайтын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәжбүрлі таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясы заттай берген мүлікті Қормен қабылдауына келісім беру;

29) нәтижесінде баланстық құны Қор активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын Қор мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындаған жағдайда Қордың кейінгі әрекеттерін және (немесе) шараларын анықтау;

30) АҚ туралы Заңымен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер.

42. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қордың және Акционердің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, осы Жарғыға және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

2) корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге;

3) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қор меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен Акционер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

4) Қордағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

Осы Жарғының 41-тармағында тізбесі белгіленген мәселелер Қор Төрағасының шешуіне беруге болмайды.

43. Осы Жарғыға сәйкес Қор Төрағасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу қарастырылмаған, тәуелсіз директорларға сыйақы төлеуден басқа.

44. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қор Төрағасының бастамасы бойынша, не:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
2) Ішкі аудит қызметінің (ішкі аудитор);
3) Қорға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
4) Акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

45. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс және қарастырылатын мәселелерді талқылау мен дауыс беруге қатысқан Директорлар кеңесінің келмеген мүшелерін ескере отырып, соның ішінде байланыстың техникалық құралдарын (видеоконференция, телефондық конференц-байланыс және басқа) қолдана отырып немесе жазбаша түрде көрсетілген дауыстарының бар болған жағдайда анықталуы мүмкін. Кворумды және дауыс беру нәтижелерін анықтауда жазбаша ой-пікір күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру нәтижесі бар болған жағдайда ғана ескеріледі.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері оның мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусының шешуші дауыс болады.

46. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

47. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан (сырттай дауыс беру арқылы өткізу) бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қордың Төрағасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қор Төрағасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

48. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын беріледі, егер Директорлар кеңесінің төрағасымен өзге мерзім белгіленбесе. Ірі мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (АҚ туралы Заңмен көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

49. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Қор Төрағасына алдын ала хабарлауға міндетті, соның ішінде видеоконференция арқылы (интербелсенді аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс («телефонды мәжіліс» режиміндегі Директорлар кеңесің мүшелерінің бір мезгілде сөйлесу), сондай-ақ байланыстың өзге де құралдарын қолданумен. Мұндай жағдайда Директорлар кеңесінің алдағы отырысының күн тәртібіндегі мәселе (мәселелер) бойынша қарауда және дауыс беруде Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысына дейін алдын ала жазбаша түрде ол (олар) бойынша дауыс берудің нәтижелерін ұсынуымен дауыс беруге құқылы. Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған мұндай құжат кворум мен дауыс берудің нәтижелерін есептеуде ескеріледі, сондай-ақ Директорлар кеңесі отырысының тиісті хаттамасына тіркеледі.

50. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша отырыс өткізбестен Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша оның сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдануы мүмкін. Бұл жағдайда отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер қолданылады.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделеді.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса жіберіледі.

51. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап жеті күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

1) Қордың атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
4) отырыстың күн тәртібі;
5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
6) қабылданған шешімдер;
7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

52. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Қорда сақталады. Қордың корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің оның қолтаңбасымен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

53. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қордың Директорлар кеңесінің АҚ туралы Заңда және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

54. Акционер Директорлар кеңесінің АҚ туралы Заңның және осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім Қордың және (немесе) Акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

9. Атқарушы органы

55. Акционер Қор Төрағасын – атқарушы орган қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны тағайындайды, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады.

56. Ағымдағы қызметке Қор Төрағасы басшылық етеді, Қорға жүктелген мақсаттарды орындау мен өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауапкершілік көтереді.

Қор Төрағасының функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, АҚ туралы Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ еңбек шартымен айқындалады. Қор атынан Қор Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Акционер немесе Директорлар кеңесі өкілеттік берген тұлға қол қояды.

57. Қор Төрағасы жоқ болған жағдайда оның өкілеттіктерін (міндеттерін) орындау осы Жарғыға және (немесе) Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес оның орнын басатын тұлғамен жүзеге асырылады.

58. Қор Төрағасы сыбайластыққа қарсы әрекет жасау бойынша шараларды қабылдауға міндетті және бұл міндетті орындамағаны немесе ойдағыдай емес орындағаны үшін заңмен қарастырылған жауапкершілік көтереді.

59. Қор Төрағасы басқа заңды тұлғадағы атқарушы органның басшысы немесе атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ. Қор Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды және Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

60. Қор Төрағасының орынбасарлары бар, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қордың ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес лауазымдарға тағайындалады және босатылады. Қор Төрағасы Қордың басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттіктеріне Заңмен, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғысымен жатқызылмаған Қор қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

61. Қор Төрағасы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Акционер және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Қор қызметінің барлық мәселелері бойынша оперативтік және атқарушылық-үлестіруші шешімдер қабылдайды, Қордың басқа органдарының өкілеттіктеріне жатқызылған құзыреттерден басқа;

3) Қор атынан үшінші тұлғалармен қатынастарда сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Қор атынан азаматтық құқықтық мәмілелер (келісімшарттар (конракттар, келісімдер) жасасады, ескертулерге, төлем шоттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да банктік, қаржы-шаруашылық құжаттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық процессуалдық заңнамасымен қарастырылған претензияларға, талап-арыздарға және басқа арыздарға, шағымдарға (өтініштерге) қол қояды;

5) өз өкілеттігі шегінде Қордың құрылымдық бөлімдердің, өкілдіктердің (филиалдардың) қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

6) Қор бөлімдерінің, өкілдіктердің (филиалдардың) құрылымын бекітеді;

7) өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;

8) Қор қызметкерлерінің қызметтік дисциплинаның орындалуын бақылайды;

9) Қордың құрылымы мен штаттық саны жөнінде ұсыныстыДиректорлар кеңесіне ұсынады;

10) Қорда құрылатын тәртіптік, конкурстық, эксперттік және өзге де комиссиялар қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

11) Қордың ішкі нормативтік құжаттары белгіленген тәртіпте Қор Төрағасы орынбасарларының және құрылымдық бөлімдер, өкілдіктер (филиалдар) басшыларының, сондай-ақ Қор Төрағасына тікелей есеп беретін басқа да қызметкерлердің қызметін бағалау мәселелерін шешеді;

12) Қор қызметкерлерін дайындау, қайта дайындау және біліктілігін көтеру, іссапарға жіберу, демалысты ұсыну, Қор қызметкерлеріне материалды көмек көрсетумен байланысты мәселелерді шешеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сатып алуын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

14) Қор қызметінің мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдерді шығарады, олар бойынша Қордың, Қордың өкілдіктерінің (филиалдарының) қызметкерлерімен орындауға міндетті нұсқаулар мен тапсырмалар береді;

15) Қордағы ішкі еңбек тәртібін айқындайды;

16) Қордың штат кестесін бекітеді;

17) Қордың атынан үшінші тұлғалармен қатынасуда Қорды ұсынуға құқық беретін сенімхат береді;

18) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Қордың барлық мүлкіне және қаражаттарына иелік етеді;

19) Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген тәртіпте агент банкті таңдау бойынша конкурсты өткізуді ұйымдастырады;

20) қатысушы банктердің жарналарды толық әрі уақтылы төлеуіне бақылау жасауға;

21) барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған қатысушы банктің депозиторларына Заңда және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына көзделген тәртіппен кепілдік берілген өтем төленуін ұйымдастыруды жүзеге асырады;

22) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасымен бекітілген тәртіпте құрылатын қатысушы банктердің уақытша әкімшілігі, тарату комиссиясы, кредиторлар комитетінің құрамдарында Қор өкілдерінің қатысуы туралы шешім қабылдау;

23) өз функцияларын жүзеге асыру процессінде белгілі болған қатысушы банктер мен олардың клиенттері туралы ақпаратты тек қызметтік мақсаттарда ғана пайдалануын мен сақталуын қамтамасыз етеді;

24) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты Ұлттық Банкке және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органына беруді қамтамасыз етеді;

